



Газет  
1994 жылдың 15 сәуірінен  
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-  
ақпараттық тарихи-танымдық газет •  
E-mail: [akmeshit.kz@mail.ru](mailto:akmeshit.kz@mail.ru)



Ел тыныштығын күзету – үлкен жауапкершілік пен табандылықты талап ететін абыройлы міндет. Осындай қасиеттерді бойына сіңіріп, Отан алдындағы борышын адал атқарып жүрген әскери қызметшілердің бірі – сержант Айдос Бөрібеков.

### ЕЛ ШЕБІНДЕ – ЕР НАМЫСЫ

Айдос Кенжебекұлы Қызылорда қаласының Тасбөгет кентінде дүниеге келген. Жастайынан спортқа жақын болып, Жалаңтос Баһадур атындағы спорт мектебінде білім алған. Спортқа деген қызығушылығы мен табандылығы оны биік белестерге жетеледі.

Әскери қызмет жолын 2008 жылы ҚР ҰҚК ШҚ Қызылорда облысы бойынша департамент бөлімшесінде бастаған. Ал қоян-қолтық ұрыспен 2006 жылы Атырау қаласында әскер қатарында жүріп айналыса бастады. 2023 жылға дейін бөлімшеде, бүгінгі таңда Кәрібайұлақ шекара бөлімшесінде абыройлы қызмет атқарып келеді.



Сержант Бөрібеков – тек әскери қызметте ғана емес, спортта да жоғары жетістіктерге жеткен азамат. Ол – әскери самбодан спорт шебері, қоян-қолтық ұрысынан спорт шебері, сондай-ақ дзюдодан спорт шеберіне үміткер. Бұл – оның қайсарлығы мен үздіксіз еңбегінің нәтижесі. Отбасында – ардақты әке. 2013 жылы шаңырақ көтеріп, бүгінде 3 қыз бен 2 ұл тәрбиелеп отыр. Отбасы оның басты тірегі әрі өмірлік мотивациясы.

Сонымен қатар Айдос Кенжебекұлы қызмет барысында жас сарбаздарға тәлімгерлік көрсетіп, олардың әскери тәртіпті меңгеруіне және физикалық дайындығын шыңдауына ерекше үлес қосып келеді. Өзінің мол тәжірибесі мен кәсіби біліктілігін жас буынға үйрету арқылы ол бөлімшенің жауынгерлік дайындығын арттыруға ықпал етуде. Әскери қызметтегі жауапкершілігі мен адалдығы үшін сержант Бөрібеков бірнеше мәрте басшылық тарапынан марапаттарға ие болған. Ол әрдайым тәртіп пен талапты бірінші орынға қойып, әріптестері арасында сыйлы әрі белбелді әскери қызметші ретінде танылып келеді. Осындай ер-азаматтар ел қауіпсіздігінің кепілі болып, жас буынға үлгі болары сөзсіз.

Ә.ТӨЛЕБАЙ,  
аға лейтенант

## ТАСБӨГЕТТІҢ ЖАҢА ТЫНЫСЫ



Тасбөгет кенті бүгінде қарқынды дамып келе жатқан іргелі елді мекендердің біріне айналды. Қазіргі таңда мұнда отыз мыңнан халық түтін түтетіп отыр. Соңғы жылдары кенттің аумағы кеңейіп, жаңа келбетке ие бола бастады. Көшелері жарық, көлік тасымалы жолға қойылған кенттің енді жолдары жанармақ. Бүгінде Тасбөгет кентінде жол жөндеу жұмысы қыза түсті.

4-БЕТТЕ



### «Kyzylorda-news.kz» ақпараттық агенттігіне – 15 жыл

«Цифрлық медианың енді ғана қалыптаса бастаған кезі. Сайт жұмысын жүргізу, ақпарат табу оңай болмады. Алғашында күн сайын 15 ақпарат табудың өзі қиын болды. Сайт жұмысын игеру үшін бағдарламалау тілін меңгеру қажет болды», – дейді кейіпкеріміз, зейнеткер Насреддин аға. Оның еңбек жолындағы ең бір шуақты сәттердің бірі – интернет басылымда жұмыс істеген кезі. Технология тілін көпшілік әлі меңгеріп үлгермеген кезде, алғашқылардың бірі болып сайт жұмысын меңгеріп донгелетіп әкету оңай болған жоқ. Қызығы мен шығармашылық пен тынымсыз еңбек қажет.

Насреддин БАХМАНОВ,  
«Kyzylorda-news.kz» ақпараттық  
агенттігінің ардагері:

### РЕЙТИНГ ҚУЫП, ТАНЫМАЛ БОЛУҒА ҰМТЫЛМАДЫҚ



Осыдан 15 жыл бұрын «Kyzylorda-news.kz» интернет газеті оқырманға жол тартты. Бастапқы кезеңде тың бастама көпшілікті елең еткізгенімен интернет газеттің бір ізге түсіп кетуі оңай болмады. Себебі ол кезде галамтор игілігі облыс тұрғындарына бірдей қолжетімді емес еді. Сыр өңіріндегі тұңғыш интернет басылым ашылған жылдары жаңа жұмыстың жауапкершілігін көтерген қызметкерлердің бірі, сайт операторы Насреддин Бажманов еді.

4-БЕТТЕ

### МӘСЕЛЕ



## ҮНДЕМЕГЕН ИТ ҚАБА МА?

Адамның айнымас серігіне айналған жануардың бүгінде адамға айбат шегіп, тіс батырып жүргенін көріп жүрміз. Табалдырықты күзеткен төрт аяқты достың адамға азу салуы – табиғат пен адам арасындағы үндестіктің бұзылғанын аңғартқандай.

Елімізде иесіз және қараусыз иттердің адамдарға шабуылы жиілеп, тұрғындардың алаңдаушылығын тудырып отыр. Көшеде еркін жүрген иесіз иттер адам өміріне де қатер төндіре бастады. Осыған байланысты мемлекет деңгейінде жануарларға жауапкершілікпен

қарау мәселесі қайта қаралып, заңнамаға өзгерістер енгізу ұсынылуда.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Таза Қазақстан» акциясы аясындағы жиында жануарларды қараусыз қалдыру иесіз иттер санының артуына себеп болғанын айтты. Үкіметке үй жануарларын дұрыс күтпегендерге қатысты әкімшілік жауапкершілікті қатаңдатып, оларға қатыгездік танытатындарға арналған қылмыстық жазаны күшейтуді ұсынды. Сонымен бірге Мемлекет басшысы өңірлерде бұралқы иттер мәселесі өзекті болып, тіпті балалар мен ересектердің де зардап шегуі жиілегенін ескертті.

4-БЕТТЕ

## АШЫҚ АСПАН АСТЫНДАҒЫ ҚАЗЫНА

Сауыскандық шатқалындағы тасқа қарап отырып, осыдан үш-төрт мың жыл бұрын мұнда тіршілік қайнап жатқанына сену қиын. Алайда мұндағы әрбір тас «сөйлейді»... Әр тастың бетіндегі таңба көне дәуірдің бізге қалдырған «хаттары» сияқты. Қып-қызыл тас бетіндегі ежелгі таңбаларға көзің түскенде көне заманмен тілдескендей әсер береді. Бұл жай ғана тастар емес, тасқа қашалған галерея. Мұндағы жартастар жай ғана табиғат туындысы емес, олар – мыңдаған жылдар бұрынғы адамдардың арман-тілегін, наным-сенімін және күнделікті тіршілігін сақтаған үнсіз куәгерлер.



Бүгінде еліміз материалдық емес мәдени мұралар тізіміне өз нысандарын бергенді түрде енгізіп жатқан 25 елдің қатарына енді. Төл тарихымызды зерделеу, өнеріміз бен мәдениетімізді өркендету үшін әлі де атқарылар жұмыс көп екені белгілі. Мемлекет басшысы Қызылорда жеріндегі Сауыскандық пен Түркістан облысындағы Арпаөзенінен жалпы саны 17 мың петроглиф табылғанын, осындай құнды жәдігерлеріміз бен ұлттық дәстүрлерімізді ЮНЕСКО-ның бүкіләлемдік мұралар тізіміне қосуды тапсырды. Сауыскандық петроглифтері – Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Еңбекші ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 50 шақырым жерде. Бүгінгі күні Қызылорда облысына қарасты Қаратаудың солтүстік-батыс бөлігінде 30-дан астам петроглифтердің орны бар. Зерттеуге сүйенсек, Қаратауда Қазақстан бойынша ең ежелгі тас дәуірі, мезолит, энеолит дәуіріне жататын жартастар суреттері анықталған.

3-БЕТТЕ

Қызылорда облысы білім басқармасына қарасты №9 дарынды балаларға арналған облыстық «Білім-инновация» лицей-интернаты 30 жылдан астам уақыт бойы Сыр өңірінің талапты да талантты жасөспірімдерінің қабілетін шыңдап, жаратылыстану-математикалық бағыттағы білім беру ісіне сүбелі үлес қосып келеді. Білім ордасының басты миссиясы – отандық және халықаралық озық тәжірибеге сүйене отырып, құндылықтарды бойына сіңірген, бәсекеге қабілетті әрі жан-жақты дамыған тұлға қалыптастыру арқылы еліміздің аламы капиталының өсуіне үлес қосу. Осы ұстанымды берік ұстанған лицей ұжымы оқушыларға сапалы білім мен саналы тәрбие беруде тынымсыз еңбек етіп келеді.

## Сыр дарындары – жеңіс тұғырында



Лицей-интернатта олимпиадаға жүйелі даярлау ісі жоғары деңгейде. Устаздар шәкірттерін республикалық және халықаралық білім бәсекелеріне дайындап, нәтижелі жұмыс жүргізудің арқасында жыл сайын жоғары жетістіктерге қол жеткізуде. Соның айқын дәлелі – жаратылыстану-математикалық бағыттағы республикалық олимпиадалар қорытындысы бойынша лицей бірнеше жыл қатарынан еліміздегі 8000-нан астам мектептің ішінен алғашқы оңдыққа еніп, биылғы рейтингте 8-орынға көтерілді.

Биылғы жетістік – Қызылорда облысының олимпиада тарихында тұңғыш рет республикалық олимпиадалық команда резервіне бес оқушының шақырылуы. Атап айтқанда, биология пәнінен Иса Хафиз, физика пәнінен Ларбада Тенізбаев, информатикадан Мансұр Мамадақұнов, математикадан Арнұр Аңсағов және химия пәнінен Тенізбаев Арен Қазақстанның республикалық олимпиада қрамына енді. Бұл – дарынды оқушылардың дүниежүзілік олимпиадаларға қатысуына жола ашатын үлкен мүмкіндік.

2026 жылдың 18-24 наурыз аралығында Қостанай қаласында математика мен информатика пәндері бойынша республикалық олимпиада өтіп, оған еліміздің түкпір-түкпірінен 310 оқушы қатысты. Сондай-ақ 21-25 наурыз күндері Астана қаласында физика және биология пәндерінен республикалық пәндік олимпиадалар қорытынды кезеңі өтті. Осы білім доғарында Сыр өңірінің үмітін арқаалаған Сейілбек

Шаухаманов атындағы облыстық дарынды балаларға арналған «Білім-инновация» лицей-интернатының оқушылары жоғары дайындық деңгейін көрсетіп, жүлделі орынды иеленді.

Республикалық олимпиада қорытындысы бойынша информатика пәнінен 11-сынып оқушысы Мансұр Мамадақұнов алтын медальға ие болса, 9-сынып оқушысы Кенжебек Шәдібай қола медаль жөніп алды. Математика пәнінен 11-сынып оқушысы Арнұр Аңсағов алтын медаль иеленді. Математика пәні бойынша 11-сынып оқушысы Аскар Мұхтарұлы мен 9-сынып оқушысы Баймұхаммед Ибрагим пәндік медаль иеленді. 9-сынып оқушысы Ерасыл Төлепбаев Алғыс хатпен марапатталды. Физика пәнінен 9-сынып оқушысы Ларбада Тенізбаев алтын медаль жөніп алса, 10-сынып оқушылары Нұрасыл Сейлханов мен Ағзы Ермхан қола медаль иегері атанды. Биология пәнінен 9-сынып оқушысы Хафиз Иса алтын медальға қол жеткізді. Осы пән бойынша 9-сынып оқушысы Өмірбек Аян күміс медаль иеленсе, 11-сынып оқушысы Қасымжолдат Назаров Алғыс хатпен марапатталды. Химия пәнінен Арен Тенізбаев күміс медаль жөніп алды.

Бұл жетістіктер – дарынды шәкірттердің талмай ізденуі мен ұстаздардың қасиеті шеберлігінің жемісі. Білім мен бәсекеңі биік белесінде топ жарып жүрген лицей оқушылары Сыр өңірінің ғана емес, тұтас елдің мақтанышына айналды.

## ЕЛ НАМЫСЫН АБЫРОЙМЕН ҚОРҒАДЫ

Инженерлік бағыттағы №290 Келешек мектебінің OtAi командасы халықаралық деңгейде өткен «FIRST LEGO League Kyrgyzstan Championship 2026» байқауында жоғары нәтиже көрсетіп, ел намысын абыроймен қорғады. Байқау қорытындысы бойынша OtAi командасы Қытайда өтетін халықаралық «FIRST LEGO League China Championship 2026» финалдық кезеңіне жолдама алды.



Бұл жеңіс оларға Қытайда өтетін халықаралық финалға тікелей жолдама сыйлады. Ал «FIRST LEGO League Challenge» бағыты бойынша OtAi командасының екі құрамы қатысып, инженерлік шешімдерінің сапасы, робот құрастырудағы шеберлігі мен бағдарламалау деңгейі үшін «Engineering Excellence Award» жүлдесіне лайық деп танылды.

Команда жетекшілері Өтемис Рахатов, Күнсұл Сыздықова және Мөлдір Смаханова шәкірттердің бойындағы қызығушылықты нақты жобаға, идеяны нәтижеге айналдыра білді. Жарыс туралы сөз еткен команда жетекшісі, робототехника үйірмесінің жетекшісі Өтемис Рахатов байқаудың өте әсерлі әрі тартысты өткенін айтады. «FIRST LEGO League Kyrgyzstan Championship 2026» жарысы өте қызықты әрі тартысты өтті. Балалар әр кезеңде өз білімін,

шеберлігін және командалық үйлесімін көрсете алды. Осындай байқаулар оқушыларды тек бәсекеге емес, үлкен ізденіске жетелейді, – дейді команда жетекшісі.

Биылғы маусымның тақырыбы археология саласына әлемге көмекті тиетін жоба әзірлеу болды. Осы бағдарламалау команда зерттеу жұмыстарын жүргізіп, өз жобасын нақты өмірдегі мәселені шешуге бағыттады.

Зерттеу кезеңінде команда мүшелері музей ісінің білікті мамандарынан және Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің тарих кафедрасының аға оқытушысы, PhD докторы, профессор Бағдаулет Сыздықов байланысқа шығып археология саласындағы мәселені зерделеп, түйіпкілді шешуге қабілетті роботтандырылған жүйені жасады, – дейді үйірме жетекшісі Өтемис Рахатов.



## ЖАҢАЛЫҚҚА ЖАНЫ ҚҰМАР ӨРЕНДЕР

Назарбаев Зияткерлік мектебінде республикалық және аймақтық БАҚ өкілдеріне арналған ашық есік күні өтті. Журналистер қауымы заманауи білім ордасының тыныс-тіршілігімен танысып, жас зияткерлердің идеядан нақты нәтижеге дейін жеткен білімдерін танып алды. БАҚ өкілдері алдымен сабақтарға қатысып, білім ордасының атмосферасын сезінді. Олар оқушылардың сабақ барысындағы белсенділігін, мұғалімдер қолданатын заманауи әдіс-тәсілдерді, зерттеу және талдауға негізделген білім беру жүйесінің ерекшелігін байқады. Сонымен қатар қонақтар оқушылар әзірлеген ғылыми жобалармен, авторлық өнертабыстармен танысып, идеядан нақты нәтижеге дейінгі ізденіс жолын көрді.

Ашық есік күні аясында журналистер инженерлік зертхананы, робототехника, киіз басу, қыш өнері үйірмелерін аралап, жас зияткерлердің техникалық, шығармашылық және практикалық дағдыларын дамыту бағытындағы жобаларын танып алды. Бұл үйірмелер оқушылардың тек теориялық білімін тереңдетіп қана қоймай, инженерлік ойлауға, ұлттық өнерге және жаңашылдыққа деген қызығушылығын арттыруға ықпал етіп келеді.

Мектептің инженерлік зертханасындағы робототехника, қыш өнері және киіз басу үйірмелері жас зияткерлердің білім алуына арналған алаңға айналды. Мұнда оқушылар тек теориялық білім алып қана қоймай, қоғамның өзекті мәселелерін шешуге бағытталған технологиялық жобаларды әзірлеуде. Мәселен, 12-сынып оқушылары Данияр Ақдәулетов, Әлтайыр Төлеген және Алишер Романқұл танымал «city.mgr» веб-платформасы қала тұрғындарының қауіпсіздігін қамтамасыз ететін жобаны шешім. Жоба авторларының айтуынша, мұндай жүйе Алматы, Астана, Шымкент сияқты ірі қалаларда желді қызметтің оқиғаны тез жеткізіп, тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және адам өмірін сақтап қалуға көмектесе алады. Әсіресе, экстремалды ауа райы жиі кездесетін аймақтарда тұрғындарды ерте құлақтандыру құралы ретінде маңызы зор. Жас өнерпақшытар өз жобасын «қауіпсіз», ақылды қала инфрақұрылымына жасалған алғашқы кадам» деп сипаттады.

Жүйе бейнебақылау камераларынан түсетін бейнедер тек ағынның немесе пайдаланушылар жүктеген медиафайлдарды қабылдайды. Жасанды интеллект пен геоархивтік жүйелерді біріктірген бұл жоба төтенше жағдайлар кезінде хабарландыруларды желді жеткізіп, оқиғалардың біртұтас картасын ұсынады. Жүйе YOLOv8 машиналық оқыту моделі арқылы өрт пен жол апаттарын автоматты түрде анықтай алады, бұл «ақылды қала» инфрақұрылымына жасалған маңызды кадам, – дейді Данияр Ақдәулетов.

7-сынып оқушысы Даниял Шакизада бағдарламалау негіздерін үйретуге арналған CodeQuest мобилді қосымшасын таныстырды. Жоба қазіргі информатика пәнін оқытуда цифрлық әрі интерактивті тәсілдердің қажеттілігін туындаған. Дәстүрлі оқыту әдістері кей жағдайда оқушылардың қызығушылығын толық оята бермейтіндіктен, жас зерттеуші білім мен ойынды ұштастыратын қосымша әзірлеуді мақсат еткен.

«CodeQuest» қосымшасы геймификация элементтері арқылы оқушылардың бағдарламалауға деген қызығушылығын арттыруға бағытталған. Жоба барысында информатика пәнінің оқу бағдарламасы талданып, мобилді қосымшаның құрылымы мен интерфейсі жасалды. Swift тілінде және SwiftUI технологиясы арқылы әзірленген қосымша деңгейлер жүйесі, интерактивті тапсырмалар және оқушының оқу барысын бақылау мүмкіндігі қарастырылған. Зерттеу нәтижесі мұндай форматтың 7-сынып оқушылары үшін бағдарламалау негіздерін түсінікті, қызықты әрі тиімді меңгеруге көмектесетінін көрсетті. «CodeQuest» оқушылардың логикалық және алгоритмдік ойлауын дамытып, өз біліміне деген сенімділігін арттырады, – дейді Даниял Шакизада.

Қазақ тілі мен әдебиеті бағытындағы ерекше жобалардың бірі – 7-сынып оқушысы Нұрасыл Әбдікерімнің «Эмоция тілі» атты үстел ойыны. Жетекшілері Ақбота Жұмабай мен Гүлшат Шынтасованың қолдауымен әзірленген бұл жоба Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұя» шығармасын оқығаннан кейін пайда болған. Нұрасыл көптеген оқушылардың тұрақты тіркестерді мағынасын түсінбей қиналатынын байқаған.

Инклюзивті білім беруді дамытуға бағытталған жобаны 11-сынып оқушылары Лағыл Амангелді мен Торғын Ерланқызы ұсынды. География пәнінің мұғалімі Арай Нұрбаеваның жетекшілігімен жүзеге асқан бұл бастама күрделі ғылыми тақырыптың, соның ішінде «Эволюция» бөлімін комикс форматына бейімдеуге арналған.

Ал ауыл шаруашылығындағы су үнемдеу мәселесіне арналған жобаны Айзере Жақыпбек таныстырды.

Қазіргі таңда су ресурстары әлемдегі ең құнды табиғи байлықтардың біріне айналып отыр. Климаттың өзгеруі, халық санының өсуі және Қазақстанның көп бөлігін шөл және шөлейт аймаққа орналасуы су тапшылығы мәселесін күшейте түседі. Осы жағдайды ескере отырып, жас зерттеуші «Arduino» процессорына негізделген автоматтандырылған суару жүйесін құрастырған. Қондырғы топырақ ылғалдылығын, ауа температурасын және жарық мөлшерін арнайы құрылғы арқылы анықтап, деректер негізінде суды тиімді жұмсауға мүмкіндік береді. Жүйе су шығынын 25-30 пайызға дейін азайтып, артық суарудан болатын топырақ эрозиясы мен құнарсызданудың алдын алады, – дейді ол.

Қызылордадағы Назарбаев Зияткерлік мектебі бүгінде сапалы білім беретін оқу орны ғана емес, жас зерттеушілердің идеялары қолдау тауып, нақты жобаға айналатын ашық инновациялық алаңға айналды. Мұндай бастамалар ел болашағына өз үлесін қосатын, ойы ұшырқы, жауапкершілігі жоғары жаңа буын қалыптасып келе жатқанын аңғартады.

Білекке емес, білімге сенген заманда өрісі кең жастардың шоқтығы қашанда биік. Тұрар Рысқұлов атындағы №222 мектептің шәкірттері де осы үдеден шығып, облыстық білім бәйгесінде топ жарып келеді. Солардың бірі қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен өткен облыстық олимпиадада жүлделі II орын иегері атанған 9-сынып оқушысы Жанель Елдес. Жанель 7 сыныптан бастап олимпиадаға жүйелі дайындалғанын айтады.

## ҮЗДІКСІЗ ЕҢБЕК ЖЕҢІСКЕ ЖЕТЕЛЕЙДІ

– Биыл қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен олимпиаданың облыстық кезеңінде екінші орын иелендім, дегенмен одан да жоғары нәтиже күткен едім. Менің дайындығым 7 сыныптан басталды. 7 сыныпта оқып жүргенімде қалалық кезеңде I орын алдым, дегенмен дайындықтың жеткіліксіздігінен облыстық кезеңде орын ала алмадым. Былтыр 8 сыныпта бар күшімді салып, жетекшім Гаухар Кенжебекқызының қолдауымен дайындалдым. Соның нәтижесінде 2024-2025 оқу жылында пәндік олимпиаданың қалалық және облыстық кезеңдерінде I орын иеленіп, республикалық кезеңде облыс намысын қорғап, жүлделі III-орынды қанжығамға байладым, – дейді Жанель Елдес.

Жетістік жолында қиындықтар да аз болмаған. Кейбір тапсырма бойынша үздіксіз ізденгенін айтады.

– Дайындық барысында әссе жазу және көркем шығармаларды талдау қиындық туғызды. Себебі мен қазақ тілінің грамматикасына, тілдік талдауларға көбірек бейім болдым. Биылғы облыстық кезеңдегі бәсекеге өткен жылмен салыстырғанда әлдеқайда жоғары болды. Себебі әр қатысушы тыңғылықты дайындықпен келді, – дейді ол.

Жанельдің пәнге деген қызығушылығының оянуына басты себепкер жетекшісі Гаухар Кенжебекқызы.

– Жетекшінің маған артық сенімі мен қолдауы қанат бітіргендей болды. Олимпиада шын бағындырған құрдастарымды көргенде: «Менің де солардың қатарынан табылуыма не келерді?» деп ойлайтын едім. Олимпиадаға дайындық барысында жетекшім кеуеміз нақты дайындық жоспарын құрды. Бос уақытында жетекшіміз бірге тұрақты дайындалып отырдым. Жетістіктеріміз басты себебі – аз-аздан болса да, үздіксіз еңбек ету, – дейді Жанель.

Гаухар Кенжебекқызы шәкірттің бойындағы қабілетті ерте байқағанын айтады.

– Кез келген мұғалім әр оқушының бойындағы қабілетті көруге тырысады. Шәкіртін Жанельдің бойында 5-сыныптан бастап өз-өзіне деген сенімділігін, жауапкершілігін байқадым. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен білімділігін де әр сабақ сайын көрсетіп жүрді. Сонымен қатар шәкірттің есте сақтау қабілетінің мықты екенін байқадым. Жанель – тіл білуге қызығушылығы бар ізденімпаз оқушы, – дейді жетекшісі.

Устаздың айтуынша, олимпиадаға дайындауда дағдыны үлгіге сүйену жеткіліксіз. Әр оқушының

болмысын, ойлау жүйесін, білім деңгейін ескергенде ғана нәтиже болады.

– Олимпиадаға дайындық барысында, ең алдымен, оқушының ерекшелігін, білім деңгейін, ойлау қабілетін ескеру қажет. Әр оқушыға бірдей әдіс қолдану алмаймыз, сондықтан дайындықты оқушының талпынысына қарай жоспарладық. Алдымен олимпиада тапсырмаларын талдап, қай бағыттар бойынша әлсіз тұстары бар екенін анықтадық. Соған сәйкес жүйелі жоспар құрдық. Дайындық барысында бірнеше тиімді әдісті қолдандым.

Біріншіден, жүйелі қайталау мен терең талдау әдісіне сүйендік. Тек теорияны жаттап қана қоймай, әр тақырыптың мазмұнын терең түсінуге жұмыс жасадық. Екіншіден, салыстыру, дәлелдеу, талдау, қорытынды жасау дағдыларын дамытуға ерекше мән бердім. Себебі олимпиада тек білімді тексермейді, ол оқушының логикалық ойлауын, өз пікірін нақты жеткізе алуын да бағалайды. Сонымен қатар жеке консультация, деңгейлік тапсырмалар, уақытқа жұмыс істеу, қателермен жұмыс, кері байланыс беру әдістерін қолдандым. Әр дайындықтан кейін оқушымен бірге оның жіберген қателерін қарап, нені жетілдіру қажет екенін нақтылап отырдық. Бұл әдіс оқушының өз қатесін көруіне және келесіде оны қайталамауына көмектесті, – дейді Гаухар Кенжебекқызы.

Оқушыны шыңдауда жетекшінің рөлі айрықша. Мұғалімнің пікірінше, оқушыға тек жарысқа қатысушы ретінде емес, болашақ жеңімпаз, толыққанды тұлға ретінде қарау қажет.

– Өрпітестеріме айтар кеңесім – оқушыға тек жарысқа қатысушы ретінде емес, жеке тұлға және болашақ жеңімпаз ретінде қарау. Әр баланың бойында белгілі бір қабілетті болады, сол қабілетті тереңідей отырып, дамып, дағды бағыттау – ұстаздың шеберлігі. Әрине, олимпиадаға дайындықты жоспарлы және жүйелі түрде жүргізу керек. Тек соңғы сәтте дайындалу нәтиже бермейді. Дайындықты ертерек бастап, кезең-кезеңімен білімді тереңдетіп отырып қызық. Олимпиадада жетістікке жету бір күннің немесе бір аптаның еңбегі емес. Ол – үздіксіз ізденіс, қайталау, жаттығу және тәжірибелік нәтижесі. Олимпиадаға дайындау мұғалімнен терең білімді, жаңашылдықты, табандылықты талап етеді. Сондықтан мұғалімнің өзі де үнемі ізденісте болып, білімін жетілдіріп отырмауы қажет. Нағыз жеңіс тек диплом алу емес, баланың бойындағы сенімді, талпынысты, мақсатқа ұмтылысты ояту, – дейді ол.

Мәскеу төрінде жалауы желбіреген LX халықаралық Менделеев олимпиадасында қызылордалық өрен жеңіс тұғырынан көрінді. Қызылорда облыстық Сейілбек Шаухаманов атындағы №9 дарынды балаларға арналған «Білім-инновация» лицей-интернатының 11-сынып оқушысы Арен Тенізбаев олимпиаданың алтын медалін иеленді.

## Білімімен мыңды жыққан Арен



Бұл жетістік жас химиктің қожалық еңбегі мен ізденісін жемісі ғана емес, сонымен қатар аймақтағы білім беру сапасының жоғары көрсеткіші.

Халықаралық Менделеев химия олимпиадасы – химия ғылымы бойынша әлемдегі ең күрделі әрі беделді интеллектуалдық сайыстардың бірі. Биылғы мерейтойлық додаға жер шарының түкпір-түкпірінен 200-ге жуық мектеп оқушысы қатысып, бақ сынасты. Қатысушы елдердің географиясы да өте ауқымды. Атап айтқанда, Қазақстанмен

қатар Сауд Арабиясы, Израиль, Түркия, Бразилия, Қытай, Вьетнам және Беларусь сияқты 37 мемлекеттің білімді өрендері бас қосты. Сондай-ақ Шри-Ланка, Солтүстік Македония, Коста-Рика, Тайланд және Африка құрлығынан келген Камерун, Нигерия секілді елдердің өкілдері де химиялық есептер мен зертханалық жұмыстарда сынаға түсті. Білім бәсекесінде оқ бойы озық шығу білім саласының халықаралық аренадағы бәсекеге қабілеттілігін тағы бір мәрте дәлелдеді.

## БАЛАЛАР ҚАУІПСІЗДІГІ – БАСТЫ НАЗАРДА

Оқу жылы басталғалы бері балалардың жол қауіпсіздігі мәселесі қоғам назарынан түскен емес. Күн сайын мыңдаған жеткіншек білім ордасына қарай бет алғанда, олардың әрбір қадамының қауіпсіз болуы – басты міндет. Осы ретте Қызылорда қаласының тәртіп сақшылары білім беру ұйымдарының маңында күшейтілген режимде қызмет атқаруға көшті.



Әсіресе таңғы уақытта және сабақ аяқталғаннан кейінгі қарбалас сәттерде патрульдік жұмыс ювеналды полиция қызметкерлері жауапкершіліктерін өткелдерінде тынымсыз еңбек етуде. Олар тек көлік қозғалысын реттеп ғана қоймай, кішікентай жасу жүргізушілердің жолдан аман-есен өтуіне жәрдемдесіп, жүргізушілерге жылдамдық режимін қатаң сақтауды ескертуде.

Тәртіп сақшыларының жұмысы мұнымен шектелмейді. Мектеп қабырғасында оқушылармен тұрақты түрде түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, жолда өзін қауіпсіз ұстау мәдениеті насихатталуда. Сонымен қатар жүргізушілерге білім беру ұйымдары маңында ереже бұзудың салдары мен жауапкершілігі туралы ақпараттық-профилактикалық шаралар ұйымдастырылуда. Мұндай кешенді амалдар балалар қатысатын жол-көлік оқиғаларының алдын алуға септігін тигізбек.

Бетті дайындаған Софья ХАЙРУЛЛА

## САЙЛАУ – 2026

## Қызылөзек ауылдық округінің әкімі лауазымына үміткер Оспанов Канат Ерасылович

### САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

#### НЕГІЗГІ БАСЫМ БАҒЫТТАР:

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өткен жылы ауыл әкімдерінің диалог-платформасында сөйлеген сөзінде ауыл әкімдеріне артылар жауапкершілік жүгі жеңіл емес екенін атап айтты. «Әкім – ең алдымен, халықпен тікелей жұмыс істейтін мемлекеттік қызметші. Бұл – өте жауапты жұмыс. Ауыл әкімі ауылдың болмысын, ауылдағы ағайынның өмірін жете түсінетін нағыз іскер маман болуы керек», – деді Мемлекет басшысы.

Ауылдарды дамыту қай кезде де басты назарда екені белгілі. Бұл орайда ауыл әкіміне артылар міндет көп. Еңбек жолым ауылдан басталғандықтан мен үшін ауыл өмірі, ауылдың мәселесі таңсық емес. Сол себепті сайлауда бақ сынап, ауылды дамытуға өз үлесімді қосқанды жөн көрдім.

#### Бағдарламаның негізгі бағыттары:

1. Ауылдағы басты мәселенің бірі – жұмыссыздық. Әсіресе ауыл жастарын жұмыспен қамту жайына көбірек назар аудару керек. Осы орайда мемлекеттік бағдарламалардың игілігін ауыл жастары сезініп, ауылда еңбек етіп, ауылды гүлдендіруге атсалысса деймін. Бұл мақсатта жұмыссыздарды мамандыққа қайта даярлау, қоғамдық ақылы еңбекке тарту, жас мамандарды көтермелеу, жастардың кәсіппен айналысуына жағдай жасау мүмкіндіктерін қарастырамын.

2. Жергілікті атқару органдарының ең негізгі міндеті – салық базасын кеңейту, тұрақты жұмыс орындарын ашу және әлеуметтік саясаттың тұрақтылығын қамтамасыз ету. Бұл мақсатта ауыл экономикасын әртараптандыру және салық түсімін арттыру бағытында жоспарлы жұмыс атқарамын.

3. Ауыл тұрғындарының табысын арттырудың бірден-бір тетігі – шағын және орта кәсіп. Кәсіпкерліктің дамуы жаңа жұмыс орындарын ашуға, жергілікті бюджетті нығайтуға және салық базасын ұлғайтуға тікелей ықпал етеді. Осы ретте, мемлекеттік бағдарламалардың тиімділігін пайдалана отырып, заман талабына сай шағын және орта кәсіпті дамыту аса маңызды. Қызылөзек арталының картобы ел бренді десек артық айтқандық емес. Осы орайда, тұрғындардың ауыл шаруашылығы дақылдарын егіп, кәсіп көзіне айналдыруына және мал шаруашылығын дамытуға ықпал етемін. «AMANAT»

партиясының «Ауыл аманаты» жобасы аясында ауыл тұрғындарының бизнеспен айналысуға қолдау көрсетуге атсалысамын.

4. Халықтың өмір сүру сапасын көтеру және ауылдың экономикалық әлеуетін арттыруға бағытталған бағдарламалар аясында инженерлік инфрақұрылымды дамытуға назар аударамын. Бұл орайда ауылға «көгілдір отын» жеткізу, көшелерді асфальттау, ауыл көшелеріне түнгі жарық бағаналарын орнату, абаттандыру мен көгалдандыру жұмысына ерекше көңіл бөлемін.

5. Спорт – денсаулық кепілі. Тұрғындардың бұқаралық спортпен айналысуына жағдай жасау, спорттық іс-шараларды жүйелі өткізу және салауатты өмір салтын насихаттауға мән беремін. Сонымен қатар ауыл тұрғындары үшін демалыс орындарын көбейтуге, балалар ойын алаңдары мен спорт алаңдарын салу мәселесіне назар аударамын. «Туған жерге туыңды тік» деген ұранмен ауылдан шыққан кәсіпкер азаматтарды ауылды гүлдендіруге атсалысуға жұмылдырып, бірлесе жұмыс істеуге ықпал етемін.

6. Ауылдың тыныштығын сақтап, қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қоғамдық тәртіпті қадағалау мәселелері, тәртіпсіздікке қарсы тұру, жол-бақылау қызметі, құқықбұзушылықтың алдын алу және тазалық сақтау мәдениетін қалыптастыруға ықпал етемін. «Таза Қазақстан» бағдарламасының ауылда жүзеге асуына, оған барлық тұрғынның атсалысып, ауылды гүлдендіруге үлес қосуына ықпал етемін.

7. Жас буынның тәрбиесі қай кезде де өзекті. Ұлттың тамыры ауылда екенін ескерсек, ауыл жастарының ұлттық құндылықты бойына сіңіріп, елжанды азамат болып тәрбиеленуіне үлес қосу – біздің міндетіміз. Бұл мақсатта ауылда «Әкелер мектебі», «Әжелер мектебі» жұмысын жандандырып, аға буын мен жастардың арасында тығыз байланыс орнатып отыруға мән беремін. Ауыл клубында тәрбиелік мәні бар іс-шаралар, тағалымды кездесулер ұйымдастыруды назардан тыс қалдырмаймын.

8. «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын жүзеге асыру бойынша ауылдағы өзекті мәселелерді жергілікті қоғамдастық өкілдерімен, ауыл ақсақалдарымен ақылдасып, кенесіп шешуге тырысамын. Ауыл тұрғындарын күн сайын қабылдап, халықпен тығыз байланыста жұмыс істеймін.

Қаржысы облыс бюджетінің қаражатынан төленді



### ӨМІРБАЯНЫ

Оспанов Канат Ерасылович 1973 жылы 25 қыркүйекте Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Таң ауылында дүниеге келген.

1990 жылы туған жеріндегі №118 орта мектепті бітіргеннен кейін 1990-1995 жылдар аралығында Қызылорда ауыл шаруашылығы техникумында «Ветеринар» мамандығы бойынша білім алған. 1991-1993 жылдары Отан алдындағы ескери борышын өтеп, 1995 жылы Таң ауылында веттехник, жұмысшы болып еңбек етеді. 2007 жылы «Ақтолық» ЖШС-де слесарь, 2010 жылдан бастап Қызылорда қаласына қарасты Белкөл кенті әкімінің аппаратында бас маман болып қызмет атқарып келеді.



## АШЫҚ АСПАН АСТЫНДАҒЫ ҚАЗЫНА

Б.з.д. 2 мың жылдықтардағы тас қашау мәдениетінің жартастағы суреттері сол дәуірдің әдет-ғұрпындағы наным-сенімдерінің көрінісін береді. Сауыскандық петроглифтерінің негізгі мотивтері – антропоморфтық кескіндер. Онда бұқа, елік, жылқы, аң-құстар бейнеленген.

Қаратау петроглифтерінің ерекшелігі көшпелі тайпалардың тұрмыс-тіршілігі, шаруашылығы, діни сенімдері, салт-дәстүрлері кенінен бейнеленген. Суреттер шынайы, натуралистік стильде орындалып, ежелгі дала тұрғындарының дүниетанымын айқын жеткізеді. Кейбір бейнелердің көлемі 2-4 метрге дейін жетеді, бұл Орталық Азия жартастары үшін сирек кездеседі. Әсіресе, соғыс арбалары мен жүк таситын көліктер бейнесі – қола және ерте темір дәуіріндегі технологиялық және мәдени дамудың маңызды дәлелі. Жартастағы арбалар, жануарлар, жауынгерлер мен салт-жоралғылар бейнелері арқылы жойылып кеткен өркениеттердің ізі сақталған. Шатқалға аяқ басқан журналистер әр таңбаға үңіле түсті. «Қаранышы, мынау қадімгі жылқыға ұқсайды екен, тіпті жалы мен тұяғына дейін анық қашалған!» десе, енді бірі: «Ал мынау – мүйізді арқар, бейнебір жартастан секіріп түскені тұрғандай», – деп сонау қола дәуіріндегі адамдардың қалдырған суретіне қайран қалды. Тіпті сонау көне заманда алтыбақан тепкендей әсер қалдыратын суретті де шырарыттық. Дегенмен жөнсіз шимай мен адам есімдерін көріп «Бабалар тасқа тарих жазса, біз сол тарихты таспен ұрып қиратып жатқандаймыз», – деп түйді сапарлас болған қаламгерлер.

«Тасқа жазған өшпейді» дейді халық, алайда тасқа басылған тарихты адам қолымен өшіруде. Бүгін біз әлемдік деңгейдегі бірегей мұрамыздан айырылып қалу алдында тұрмыз. Шиелідегі Сауыскандық петроглифтері – өндірістің дүрсілі мен мәдениетсіздіктің құрбанына айналуда. Мұнда демалуға келгендер тасқа өз атын жазудан жарысқа түскендей.

– «Тасқа қашалған суреттердің 2000-ға жуығы үйінді астында қалса, қалғаны туристер жазып кеткен шимай суреттердің тасасында қалып жатыр» – дейді Шиелі аудандық тарихи-өлкетану музейінің ғылыми қызметкері Бекболат Әбутегі.

Бұл жерді қорғауды ертерек қолға алмасак алдағы 4-5 жылда қолда бар жазулардан да айырылып қалуымыз мүмкін екен.

– Ескерткішті сақтап қалу үшін ғимарат соғып, күзет қоятындай жағдай жасау керек. Өйткені аудан орталығынан алыс. Ауылдық округ әкіміне де «мына жерді қарауылда» деп айта аламыз. Сондықтан осы жерге «Сапар орталығы» салынса деген ұсыныс бар. Бұл жерге жарық бағаналары да келіп тұр. Егер туристік орталық ретінде ашылса ақылы қызмет көрсетіп, аудандық бюджетке көмек болар еді, – деді өлкетанушы.

Ерекше ескерткіштерді қорғау, сақтау кезек күттірмейтін мәселеге айналуы керек. Өйтпесе, Сауыскандық секілді петроглифтердің сау тамтығы қалмауы мүмкін.

– Келушілерге де инфрақұрылымдық жағдай жасалуы керек. Кіре беріске «тастың бетін қашауға», «қоқыс тастауға болмайды» деген тақтайша қою керек. Дамыған елдердегідей арнайы баспалдақ жасалса. Негізгі петроглифтер 5-6 шақырым арна бойындағы Қаратауда сақталған. Дегенмен келген туристерге бағыттаушы адам болмаған соң қай жерде не бар екенін біле бермейді. Сол тастағы таңбаларға апаратын арнайы белгілер қойылса, туристерді көптеп тартуға үлкен мүмкіндік болар еді, – деді Бекболат Әбутегі.

Сауыскандық 2016 жылдың 24 тамызынан бастап ЮНЕСКО-ның алдын ала тізіміне

Басы 1-бетте

## ҚОЛЫНАН ІС КЕЛЕТІН АЗАМАТ

Оспанов Канат Ерасылович 2010 жылдан бастап Белкөл кенті әкімі аппаратында бас маман болып қызмет істейді. Кейде кент әкімшілігіне бара қалсақ, мәселемізді мұқият тыңдап, нақты жауабын айтып, елмен тығыз байланыста жұмыс істейді. Өз ісіне тиянақты, елгезек, кішіпейіл. Бүгінгі күнге дейін біраз тәжірибе жинаған Канат Ерасылович қалаға қарасты Қызылөзек ауылдық округі әкімі лауазымына үміткер болып, сайлауда бақ сынап жатыр екен.

Канат Ерасылович бұған дейін де халықпен белсене араласып, тәжірибе жинады. Сайлауалды бағдарламасындағы ауылдағы жұмыссыздықты жою, жастарды қолдау бағытындағы бастамалары көңілге қоныды. Сонымен қатар ауыл тұрғындарының әл-ауқатын арттыруға бағытталған нақты қадам көрсетілген. Жауапкершілігі жоғары азаматқа халық пен билік арасындағы байланысты нығайтып, ел сенімін ақтайды деп сенеміз.

Талабың оң болсын дейміз. Қанаттың қай қызметті де жоғары деңгейде атқаратынына сеніміміз мол.

Қалқожа САПАРОВ,  
Белкөл кентінің ардагері

Қаржысы облыс бюджетінің қаражатынан төленді

## 7 МАМЫР – ОТАН ҚОРҒАУШЫЛАР КҮНІ

## ШЕКАРА КҮЗЕТІНДЕ ШЫҢДАЛҒАН



Ел шебін күзету – ерлікке парапар міндет. Осы қасиетті қызметтің алдығы сапында жүрген азаматтардың бірі – ҚР ҰҚК Шекара қызметі Қызылорда облысы бойынша департаментінің «Шопанқазған» шекара бөлімшесінің старшинасы Сұңғат Асанов.

Сұңғат Бақытұлы 1985 жылдың 12 маусымында Қызылорда қаласында дүниеге келген. 2002 жылы орта мектепті тәмамдап, 2003 жылы Отан алдындағы қасиетті борышын өтеу үшін әскери қызметке аттанды. 2005 жылы мерзімді әскери қызметін абыроймен аяқтаған ол әскери өмірді өз тағдырымен байланыстырып, келісім-шарт негізінде қызмет қатарында қалуды жөн санады. Осылайша ел қауіпсіздігін қорғау жолындағы ұзақ та жауапты қызмет жолы басталды. 23 жылдық әскери қызметінің 19 жылын инженерлік-саперлік ротада өткізу – кәсіби шеберлік пен табандылықтың айқын дәлелі. Қауіпті әрі жауапты салада шындалған Сұңғат Бақытұлы кез келген жағдайда салқынқанды шешім қабылдап, бөлімшенің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жоғары нәтижелер көрсетіп келеді. Ол тәртіпке беріктігімен, тапсырмаларды мінсіз орындауымен және әріптестері арасында қалыптасқан беделімен ерекшеленеді. Жас сарбаздарға тәлімгерлік жасап, әскери анта адальдықтың мәнін ісімен дәлелдеп жүрген тәжірибелі маман.

2023 жылы Жаңадария шекара бөлімшесінде техника қызметін абыроймен атқарып, жауапкершілігі мен кәсіби біліктілігін арқасында 2025 жылы «Шопанқазған» шекара бөлімшесінің старшинасы лауазымына тағайындалды. Бұл – көпжылдық еңбектің, табандылықтың және әскери анта адальдықтың заңды нәтижесі. Старшина ретінде бөлімшенің жауынгерлік әзірлігіне, техникалық жарактануына және күнделікті қызметтің үйлесімді ұйымдастырылуына айрықша көңіл бөледі. Қарамағындағы жеке құрамның кәсіби шеберлігін арттыру, әскери-патриоттық рухты нығайту бағытында жүйелі жұмыс жүргізіп, бөлімшенің беделін көтеруге үлес қосып келеді. Оның басқару тәсілінде талапшылдық пен адамгершілік үйлесім тапқан. Сұңғат Бақытұлының қызмет жолы Қызылорда облысы аумағындағы шекара қауіпсіздігін қамтамасыз ету ісімен тығыз байланысты. Әсіресе «Жаңадария» шекара бөлімшесіндегі кезеңі оның тәжірибесін шыңдап, техникалық қызметті жетілдіруге серпін берді. Осы еңбекті кәсіби тұрғыдан бағаланып, жауапты лауазымға тағайындалуы заңды жалғасын тапты.

Әскери әулет қалыптастырып келе жатқан әке ретінде ол ұлына Отанға қызмет етудің мәнін, шекара күзетінің абыройлы міндет екенін ұғындырып келеді. Бұл – тек бір отбасының емес, тұтас елдің қауіпсіздігі жолындағы рухани сабақтастықтың көрінісі. Сұңғат Бақытұлы – қызметте талапшыл, өмірде парасатты, отбасында енегелі әке. Бүгінде оның үлкен ұлы әскер қатарынан орапып, әке жолын жалғастырып, шекара қызметіне қабылданы үшін қажетті құжаттарын жинауда. Бұл – Отан қорғау дәстүрінің ұрпақ сабақтастығымен жалғасын келе жатқанының жарқын көрінісі. Осындай азаматтардың еселі еңбегі арқасында Қазақстан шекарасы берік, ел іргесі тыныш. Сұңғат Бақытұлы сынды шекарашылардың адал қызметі – мемлекет қауіпсіздігінің сенімді қалқаны, ал олардың өмір жолы жас буынға үлгі боларлық енеге.

Ә.ЕРКІНҰЛЫ,  
аға лейтенант

## ФЛОРЕНС НАЙТИНГЕЙЛ ЖӘНЕ МЕЙРГЕРЛІК ҚЫЗМЕТТІҢ МАҢЫЗЫ

Флоренс Найтингейл — әлемдік медицина тарихында ерекше орын алатын тұлға. Ол мейргерлік істің негізін қалаушы ретінде танылып, бұл мамандықтың дамуына зор үлес қосты. Оның өмірі мен еңбегі адамға деген жанашырлықтың, жауапкершіліктің және кәсібиліктің жарқын үлгісі болып табылады. Жастайынан



ол адамдарға көмектесуді өз өмірінің мақсаты ретінде таңдады. Сол кезеңде мейргерлік қызмет беделді мамандық саналмағанымен, ол бұл саланы дамытуға бел буып, өз жолынан таймады.

Найтингейл күтім жасау, ауруханалардағы санитарлық жағдайды жақсартуға күш салды. Оның бастамасымен тазалық сақталып, дұрыс күтім ұйымдастырылды. Нәтижесінде науқастар арасындағы өлім-жітім деңгейі едәуір төмендеді. Осы еңбегі үшін ол «Шам ұстаған ханым» деген атқа ие болды.

Оның «Мейргерлік туралы жазбалар» атты еңбегі мейргерлер үшін маңызды оқу құралына айналды. Бұл кітапта ол науқастарды дұрыс күту, тазалық сақтау, бөлмені желдету, дұрыс тамақтандыру сияқты маңызды мәселелерді жан-жақты түсіндірді.

Флоренс Найтингейл мейргерлердің ролін өте жоғары бағалаған. Оның пікірінше, мейргер тек дәрігердің көмекшісі ғана емес, науқасқа психологиялық және рухани қолдау көрсететін маңызды тұлға. Ол мейргерлерден мейрмілдік, сабырлық, ұқыптылық және жауапкершілік сияқты қасиеттерді талап етті.

Қорытындылай келе, Флоренс Найтингейлдің еңбегі медицина саласының дамуына үлкен серпін берді. Ол мейргерлік істі жаңа деңгейге көтеріп, оның қоғамдағы маңызын арттырды. Бүгінгі таңда оның идеялары мен қағидалары әлем бойынша медицина қызметкерлері үшін маңызды бағыт болып қала беруді.

12 мамыр Халықаралық мейргерлер күні Florence Nightingale туған күніне орай белгіленген. Бұл күн – мейргерлердің еңбегін бағалап, құрмет көрсететін ерекше мереке. Халықаралық мейргерлер күні құтты болсын!

Сіздерге зор денсаулық, қажымас қайрат, еңбектеріңізге табыс және әрдайым құрмет тілейміз.

Қызылорда облыстық тері-венерология диспансері  
Тері-венерология бөлімшесі

Насреддин БАХМАНОВ, «Kyzylorda-news.kz ақпараттық агенттігінің ардагері:

## РЕЙТИНГ ҚУЫП, ТАНЫМАЛ БОЛУҒА ҰМТЫЛМАДЫҚ

«Цифрлық медианың енді ғана қалыптаса бастаған кезі. Сайт жұмысын жүргізу, ақпарат табу оңай болмады. Алғашында күн сайын 15 ақпарат табудың өзі қиын болды. Сайт жұмысын игеру үшін бағдарламалау тілін меңгеру қажет болды», – дейді кейіпкеріміз, зейнеткер Насреддин аға. Оның еңбек жолындағы ең бір шуақты сәттердің бірі – интернет басылмада жұмыс істеген кезі. Технология тілін көпшілік әлі үлгермеген кезде алғашқылардың бірі болып сайт жұмысын дөңгелетіп аяқтау оңай болған жоқ. Қызығы мен шығармалық мол жаңа жобаны жүзеге асыру үшін табандылық пен тынымсыз еңбек қажет.

Осыдан 15 жыл бұрын «Kyzylorda-news.kz интернет газеті ақпарат кеңістігіне қадам басты. Бастапқы кезінде тың бастама көпшілікті елең еткізгенімен интернет газетінің бір ізге түсіп кетуі оңай болмады. Себебі ол кезде галатор игілігі облыс тұрғындарына бірдей қолжетімді емес еді. Сыр өңіріндегі тұңғыш интернет

жасау қажеттілігі де туындады. Ал оқырмандар жаңалықты кез келген уақытта, кез келген жерден оқи алатын мүмкіндікке ие болды. Тіпті, нашар көретіндерге арналған нұсқаға дейін жоғары деңгейде жасалды.

– Уақыт өте келе сайтқа ақпарат салу жұмысын жеңілдеттік. Бұрынғыдай тек оператор ғана емес, әр тілші сайтқа өзі әзірлеген ақпаратты дер кезінде салуды үйренді. Сондай-ақ интернет газетте журналистер аптасына бір сұхбат, бір сараптамалық мақала жазуға міндетті болды. Бұл тілшілерге қиын болған жоқ. Сайтқа күніне жариялануы тиіс деген 15 ақпараттың санын 18-ге, одан кейін 20-ға жеткіздік. Осылайша, «Қызылорда облысының интернет газеті» деген атымызға сай болу үшін еңбек еттік, – дейді Насреддин Қайназарұлы.



басылым ашылған жылдары интернет газетінің жауапкершілігін көтерген қызметкерлердің бірі, сайт операторы Насреддин Бакманов еді.

2010 жылдары интернет басылымдар мен ақпарат агенттіктер бірінен соң бірі ашылып жатты. Ізінше 2011 жылдың 5 мамырында Сыр өңірінде екі тілде ақпарат тарататын алғаш «Kyzylorda-news.kz» интернет газеті өмірге келді. Жаңадан ашылған интернет газетінің бас редакторлық қызметіне республикалық «Караван» газетінің облыстағы меншікті тілшісі Елібай Жікібаев шақырылды. Ол интернет басылымның жүйесін бір жолға түсіру үшін аянбай еңбек етсе, Насреддин Бакманов дизайн жасау жұмысын қолға алды.

– Алғашқы кезде ақпараттарды сайтқа орналастыру жұмысын игердік. Ол кезде бүгінгідей бір батырманы баса салу жоқ, ақпарат жариялау үшін бағдарламалау тілін меңгеру талап етілетін. Интернет газетте тек Қызылорда облысына қатысты жаңалық жариялап отырдық. Күніне екі тілде 15 ақпарат жариялау тапсырылды. Алғашқы күндері осыныша ақпарат табу қиын болғанымен Елібай Зұлкарнайұлының іскерлігінің арқасында облыстық мекемелердің баспасөз қызметімен тығыз қарым-қатынас орнаттық. Ең бастысы, оқырманға жаңалықты дер кезінде жеткізіп отырдық, – дейді Насреддин Бакманов.

Уақыт бір орында тұрмайтынғы белгілі. Сәт сайын технология өзгерген заманда аймақтық интернет басылым да уақыт көшіне ілесуге ұмтылды. Жаңа айдарлар қосылып, қазақ, орыс тілді ағылшын тілінде ақпарат жариялана бастады. Оқырмандармен кері байланысты жандандыру мақсатында «Бізге жаңалық жіберіңіз» бөлімі жұмыс істеді. Технология жетілді, сайттың мобилді нұсқасын

Басы 1-бетте

Елімізде жануарларға жауапкершілікпен қарау мәселелеріне қатысты заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу қарастырылып жатыр. Бұл заң жобасы жануарларды қорғау жүйесін күшейтіп, иесіз жануарлар мәселесін реттеуге және қоғамдағы гумандық көзқарасты дамытуға бағытталған.

Жаңа өзгерістерге сәйкес, жергілікті атқарушы органдар мен мәслихаттарға жануарларды ұстау, серуендету және оларды уақытша ұстау қағидаларын бекіту құқығы беріледі. Сонымен қатар жануарларға арналған арнайы серуен аймақтарын белгілеу және панажайлардың жұмысын ұйымдастыру міндеті нақтыланған. Ал иесіз жануарлардың санын реттеу, оларды уақытша ұстау және есепке алу жергілікті билікке жүктелді.

баняна айналып өңірлерден түрлі мәліметтер келіп жатқанын мәлімдеді. Оның айтуынша, елімізде бұралқы иттердің адамдарға шабуылы күн сайын тіркеледі.

– Адамдардың салғырттығынан үй жануарларының жапа шегуіне жол беруге болмайды. Үкімет жануарларды тиісінше күтпегені үшін әкімшілік жауапкершілікті күшейтіп, сондай-ақ оларға ең алдымен үй жануарларына, қаты-гездік жасағаны үшін қылмыстық жауап-

талап тастайды екен. Депутат Еділ Жанбыршин иесіз қалған, бұралқы иттердің адам қабу мәселесін шешуді кешенді түрде қарау кергін жеткізді. Көшеде жүрген бұралқы иттер ауланып, 15 күндей ұсталды. Осы уақыт аралығында иесі немесе зооқорғаушылар келіп алып кетпесе, онда эвтаназияға жіберіледі.

– Біз заңды бірнеше елдің тәжірибесіне сүйеніп отырып әзірледік. Ұлыбританияда, АҚШ-тың көптеген штатында, Израильде, Норвегияда

көбіне эвтаназия қолданылады. Скандинавия елдері шекарадан бұралқы иттер кіріп кетсе, дереу атып тастайды. Сондықтан біз де көшедегі антисанитарияны түзеу, иттердің адамға шабуылдау жағдайларын жөнге келтіруіміз керек, – деді депутат.

2021 жылы қабылданған «Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы» заң иесіз иттерді атуға, өлтіруге тыйым салды. Оларды аулап, арнайы панажайларға апарып, зарарсыздандырып, қайта босататын. Мәжіліс пен Сенатта бұл мәселе қайта қаралып, иесі табылмаған иттерді 5-15 күн ішінде эвтаназия әдісімен жою мүмкіндігі талқыланды. Бір ұрғашы ит жылына екі рет күшіктеп, орта есеппен 10-15 күшік туады. Егер қаладағы иттердің тым болмаса 70-80%-ы зарарсыздандырылмаса, олардың саны өсе

береді. Иттерді ату тоқтатылып, стерилдеу деңгейі төмен болғандықтан, популяция күрт өсіп кеткенін байқап отырмыз. Өткен жылдан бастап Қызылорда облысында иттерден зардап шеккендер саны 795 адамды құраған. Оның 90%-ы иесіз иттен зардап шеккен екен. Қала бойынша да бұл мәселе күн тәртібінен түспей тұр. Мәселен, Тасбөгет кентінің тұрғыны Сымбат Мырзамұрат өзі тұратын Омар Сейтпенбетов көшесінде соңғы кезде бұралқы иттердің көбейіп кеткенін айтты.

– Бұрын емін-еркін серуендейтін едік, ал қазір далаға шығудан қорқамыз. Баламың қауіпсіздігі де алаңдатады. Өзім де иттен қорқатын болғандықтан, сыртқа жалғыз шыға бермеймін, – дейді кент тұрғыны.

Сондай-ақ талқыланып жатқан заңда жануарларды азаптауға қатаң тыйым салу қағидаға да бекітіледі. Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету иесіз жануарлармен жұмыс істеу жүйесі жаңартылады. Оларды уақытша ұстау пункттеріне немесе панажайларға орналастырып, ауру, қауіпті агрессиясы болса эвтаназия қолдану тәртібі заңда нақты белгіленген.

Егер жануар адамға немесе мүлікке зиян келтірсе, оның иесі толық жауапкершілікке тартылады. Сондай-ақ жануарды дұрыс ұстау және серуендету талаптарын бұзу да заңды жауапкершілікке әкеледі.

Думан  
РАХЫМЖАНҰЛЫ



## Үндемеген ит қаба ма?

Әлеуметтік желіден бір топ иттердің адамдарға шабуыл жасап, талап жатқанын көрген боларсыз.

Мәжіліс депутаты Мұрат Әбенов мәселе тым күрделі жағдайға жеткенін, балалар, тіпті ересектер де жабайы иттердің күр-

кершілікті арттыруы тиіс. Негізінде иесіз иттер мәселесі – адам немқұрайлылығының салдары. Алдымен жануарды жақсы көргендей болып, кейін жалыққан соң оны көшеге тастап кететіндер бар. Осындай әрекеттердің жолын кесу қажет, – деді ол.

Жануарларды тіркеу және бақылау жүйесін күшейтуге заңда «қанғыбас жануар» термині «иесіз жануар» ұғымымен алмастырылады. Үй жануары иесін анықтауды жеңілдетіп, жауапкершілікті арттыру үшін иттер мен мысықтар міндетті түрде чип арқылы есепке алынады. Егер есепке алынбаса иесіз жануар ретінде қарастырылады.

Елімізде жылына 40 мыңнан астам адамға иттер шабуыл жасаса, оның ішінде 38 мыңын ит

Басы 1-бетте

Думан КЕҢШІЛІК



## ТАСБӨГЕТТІҢ ЖАҢА ТЫНЫСЫ

Атап айтсақ, мердігер мекеме «УАД» ЖШС Б.Баймаханов көшесінен Тасбөгет кентіне кіреберіс көпірге дейінгі Н.Назарбаев даңғылын қайта жаңғыртуды бастады. Жобадан қаралғандай Тасбөгет кентіндегі Есенов көшесі екі жолақтыдан төрт жолақтыға дейін кеңейтіледі және Амангелді көшесіне асфальт жабындысы төселеді. Бүгінде бас мердігері «УАД» ЖШС 5,1 млрд теңгенің жобасы аясында 4,4 шақырым көшелерді, атап айтқанда, Н.Назарбаев даңғылының 1,2 шақырмы күрделі жөндеуде. Сонымен қатар жаяу жүргінші жолы, су ағатын арнайы лотоктар орнатылуда. Алдағы уақытта бұл көшелерге жарық шамдары орнатылады.

Өткен аптада облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Тасбөгет кентіне кіреберіс көпірге дейінгі Н.Назарбаев даңғылын қайта жаңғырту бойынша атқарылып жатқан жұмыстардың барысымен танысты. Аймақ басшысы жол сапасына баса назар аудару қажеттігін, құрылыс кезінде пайдаланатын материалдардың талапқа сай болу керектігін жіті тапсырды.

Басы 1-бетте

Кентке кіреберіс көпірдің төрт жолақты болып өзгеретініне тұрғындар да риза.

– Кентке кіреберіс Н.Назарбаев даңғылының төрт жолақты болып кеңейтілуі – біз үшін көптен күткен жаңалық. Бұл жолда көлік көп, кептеліс жиі орын алатын. Енді жол кеңейіп, қозғалыс әлдеқайда жеңілдейді деген үміт бар. Тағы бір маңыздысы – қауіпсіздік. Осыны ескеріп, жолды кеңейтіп, жүргізушілерге, жаяу жүргіншілерге де қолайлы жағдай жасайтыны қуанттық. Жарық бағаналары орнатылып, қараңғылықтан құтыламыз деп, тұрғындар алғыстарын жеткізуде. Осындай игі істерді көріп, кентіміздің дамып жатқанына риза болып жүрміз, – дейді кент тұрғыны Қозбек Сыздықбаев.

Соңғы жылдары қаладағы көшелер тақтайдай тегіс десек артық айтқандық емес. Мәселен, облыс орталығындағы жол инфрақұрылым жобаларын жүзеге асыру үшін 185,8 млрд теңгеге жуық қаржы бөлінген. Аталған қаржыға 2022-2026 жылдары 1700 шақырым автомобиль жолы мен 35 көпір өткелін салу, және күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілген. Соның нәтижесінде төрт жыл ішінде жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы жолдар үлесі 82-ден 95 пайызға дейін артқан.

Биыл аймақ басшысының тапсырмасына сәйкес, шет аймақ жолдарын жөндеуге басымдық берілуде. Яғни, 23,6 млрд теңгеге қаладағы, қалаға қарасты кенттер мен ауылдық округтердегі 70 көше қайта жаңғыртылып, күрделі және орташа жөндеуден өтеді.

А.АЙТЖАНОВА

Меншік иесі:

**СЫР МЕДИА**  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор  
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор  
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)  
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)  
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)  
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)  
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан ӘЙІМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.  
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.  
Аптасына 2 рет, сәйкесі, сенбі күндері шығады.  
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарысымен сәйкес келе бермейді, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242)40-06-68  
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.  
Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі 4 А.  
Таралымы 3858 Тапсырыс №743

Нөмірдің кезекші редакторы Думан КЕҢШІЛІК